

Еліміз кириллицадан латын графикасына кошеді дегелі халықтың кәдімгідей уайымға салынғаны рас. «Енді не болады? Бәрі өзгертін болды» деп әбігерге түскенін де жасыра алмаймыз. Алайда бұл бір күнде не бір жылда шешілетін мәселе емес екенін ұмытпаған жөн. Мәселен, елімізде алғаш болып Елтанба өзгертін болды. Енді ондағы «КАЗАКСТАН» деген жазу «QAZAQSTAN» деп жазылады. Откен аптада осы мәселеге қатысты онірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өтті.

– «Казакстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы. Техникалық шарттар» ұлттық стандартына 2018 жылғы 1 қарашадан бастап 1 өзгеріс енгізілді. Бұл бойынша өзгерістерді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылып, оны ҚР Мемлекеттік Елтанбасының авторы Жандарбек Мәлібеков басқаратын болды, - деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов.

Бұл енгізілген 1-ші өзгеріс бойынша 2021 жылдың 21 қаңтарына дейін уақыт берілетін болады. Яғни мемлекеттік мекемелер мен өзге де нысандар осы уақытқа дейін өздеріндегі Елтанбаны осылайша өзгертулері қажет. Осыған сәйкес ұлттық стандартта да бірқатар түзетулер болады. Техникалық реттеу және метрология комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы Серік Қасымовтың айтуынша, стандарттағы 4.2, 4.1-тармақшасының 2-абзацында Елтанбаның түсі нақтыланып көрсетіледі екен.

Халық-хабар